КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
Қазақстан Республикасы атынан

2025 жылғы 20 қараша Іс № 3115-25-00-2/2630 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Г.К. Ажакаева,

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен талап қою бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Мойынқұм ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Арайлым» деп аталатын дара кәсіпкер Есембаева Арайлым Орымбековна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4 бабын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Мойынқұм ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Арайлым» деп аталатын дара кәсіпкер Есембаева Арайлым Орымбековнаға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Арайлым» деп аталатын дара кәсіпкер Есембаева Арайлым Орымбековна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Арайлым» деп аталатын дара кәсіпкер Есембаева Арайлым Орымбековнадан мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ажакаева Г.К.**

Шешім 2025 жылғы 20 қарашада дайындалған.

Судья Ажакаева Г.К.

Құжатқа қол қойылған: Ажакаева Г. К., 20.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 30.12.2025, судья Ажакаева Г. К., 30.12.2025

3115-25-3-1/2806